

AP08956523 жобасының тақырыбы: Аралас оқыту технологияларын қолдана отырып болашақ математика мұғалімдерін даярлау процесін жетілдіру

Зерттеу объектісі: Болашақ математика мұғалімдерін даярлау процесі

Жұмыстың мақсаты: Аралас оқыту технологияларын қолдана отырып, математикадан онлайн курстар құрудың әдістері мен тәсілдерін оқып-үйрену және оларды болашақ математика мұғалімдерін дайындауда қолдану мүмкіндіктерін негіздеу.

Жобаның ұзақтығы – 12 ай

Тақырыптың өзектілігі: Білім беру жүйесі білім беру мен цифрландырудағы заманауи үрдістерді ескере отырып, байыпты және түбегейлі жаңартуды талап етеді. Цифрлық Қазақстан бағдарламасында электрондық оқытуды дамыту қажеттілігін былай деп көрсетеді: "Бағдарламаның кадрлардың біліктілігі саласындағы қойылған мақсаттарына қол жеткізу үшін үздік әлемдік практикаларға сәйкес білім беру жүйесі толығымен жаңартылатын болады. Жаңа білім беру фактілер мен формулаларды жаттап алудан гөрі, ең алдымен ақпаратты талдау дағдыларына және ойлау жасампаздығын дамытуға баса назар аудара отырып, цифрлық экономиканың қажеттіліктеріне жауап беретін болады".

Бұл жағдай аралас оқытудың пайда болуына әкелді, оның негізгі принциптері ХХ ғасырдың алпысыншы жылдарында корпоративті және жоғары білім беруде қолданылды, бірақ терминнің өзі кейінірек қолданылды. Электрондық оқытудың стратегиялық мәселелері бойынша мамандарға жүргізілген жаһандық онлайн-сауалнаманы талдай отырып, олардың ішіндегі ең маңыздылары педагогтарды даярлау технологиясымен және білім беру процесінде АКТ-ны пайдалануға бағытталған инновациялық әдістерді енгізумен байланысты деген қорытынды жасалынған.

Жалпы, аралас оқытуды қашықтықтан оқытудың бір түрі немесе жалғасы деп қарастыруға болады, бірақ олардың ерекшелігі бар – бұл аралас оқытудағы білім алушылардың бір-бірімен және оқытушымен міндетті "тірі" қарым-қатынасы. Демек, аралас оқытуда күндізгі және қашықтықтан оқыту технологиясының элементтері белгілі бір пропорцияда қатысады, бұл, әрине, екі оқыту технологиясының кемшіліктерін жою арқылы олардың жетістіктерін бір мезгілде пайдалануға мүмкіндік береді.

Аралас оқытуда дайын цифрлық ресурстар да, мұғалімдердің өздері құрастырғандары да пайдаланылуы мүмкін. Бұл ретте, талаптарына өзіне толықтық талаптарына сәйкес оқу контентін қамтитын және оқу қызметін ұйымдастыруға арналған құралдарды біріктіретін, кешенді электрондық ресурстарға артықшылық берген дұрыс.

Осылайша, жоғарыда айтылғандардан, аралас оқыту технологиясын тиімді қолдану және болашақ мұғалімдердің мотивациясы, белсенділігі, бастамашылдығы және өзін-өзі ұйымдастыруы сияқты құзыреттілікті қалыптастыруға мүмкіндік беретін онлайн-курстарды әзірлеу проблемасы өзекті болып табылады.

ПРОЕКТНІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ:

- Аралас оқыту технологияларын қолдана отырып математикадан онлайн-курстарды құру әдістері мен тәсілдерін зерделеу және талдау.
- Болашақ математика мұғалімдерін дайындауда қолданылатын "Алгебра және сандар теориясы" пәні бойынша Moodle виртуалды жүйесінде онлайн-курс құру.
- Аралас оқыту технологиясы негізінде онлайн-курстарды қолдану ережелері мен шарттарын анықтау және негіздеу.
- "Алгебра және сандар теориясы" пәні бойынша онлайн-курсты енгізу негізінде аралас оқыту технологиясын жасақтау.

Жобаның күтілетін негізгі нәтижелері	Негізгі қол жеткізген нәтижелер
<p>- онлайн-курстарды әзірлеу арқылы болашақ математика мұғалімдерін даярлауда аралас оқыту технологиясын қолданудың ғылыми негізделген мүмкіндіктері.</p> <p>- Moodle виртуалды жүйесінде орналасқан "Алгебра және сандар теориясы" пәні бойынша онлайн-курс.</p> <p>- аралас оқыту технологиясы негізінде онлайн-курстарды қолданудың негізделген принциптері мен шарттары</p> <p>- "Алгебра және сандар теориясы" пәні бойынша онлайн-курс арқылы аралас оқытудың әзірленген технологиясы":</p> <p>Алынған нәтижелер конкурстық құжаттаманың 7 тармағында талап етілетін Web of Science базасындағы кватрилдерге және (немесе) Scopus базасындағы CiteScore, бойынша процентілі бар ғылыми журналдарда, сондай-ақ, ең кемі бір мақала нольдік емес импакт-факторы бар (БҒССҚК ұсынған) рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымдарда жарияланады.</p>	<p>- аралас оқыту технологияларын қолдана отырып, математикадан онлайн-курстар құру әдістері мен тәсілдері зерделенді және талданды;</p> <p>- - аралас оқыту технологиялары негізінде болашақ математика мұғалімдерін даярлау кезінде онлайн-курстарды қолдану мүмкіндіктері анықталып, негізделді;</p> <p>- - болашақ математика мұғалімдерін даярлауда қолданылатын "Алгебра және сандар теориясы" пәні бойынша Moodle виртуалды жүйесінде авторлық куәлігі бар онлайн-курс жасақталды, авторлық куәлік бар;</p> <p>- - аралас оқыту технологиясы негізінде онлайн-курстарды қолдану қағидалары мен шарттары анықталып, негізделген,</p> <p>- - "Алгебра және сандар теориясы" пәні бойынша онлайн-курсты енгізу негізінде аралас оқыту технологиясы жасақталды және оны қолданудың тиімділігі көрсетілді,</p> <p>- - таңдалған пәннің онлайн-курсын құру және пайдалану бойынша ұсыныстар берілді.</p> <p>- Дайындалған және жарық көрген мақалалардың саны -7.</p>

**Жарияланған және қабылданған ғылыми жұмыстардың тізімі
2020 жылғы қазаннан 2021 жылғы қыркүйекке дейінгі кезең**

№	Жұмыстардың авторлары мен атаулары	Ескерту
Отандық 2020 жылға		
ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету бойынша Комитеттің ұсынған басылымдар тізіміне кіретін журналдарда		
1	Кадирбаева Р.И., Джамакараева М.А. Технология смешанного обучения в подготовке будущих учителей математики // Журнал «Наука и жизнь Казахстана». -№11/2 (145) 2020. –С. 261-267	Опубликована
ХҒПК-ның ғылыми мақалалар жинағы		
2	Кадирбаева Р.И., Әтірбек К.Е., Асанова М.Ж. Аралас оқыту технологиясы – білім беру жүйесін жетілдірудің жаңа бағыты // Сборник научных статей МНПК «Современные тренды педагогического образования». –Шымкент. -2020.- С.131-135	Опубликована
3	Джаманкараева М.А., Алимкулова Б.Т. Возможности и проблемы смешанного обучения в математическом образовании: перспективы в высшем образовании // Сборник научных статей МНПК «Актуальные проблемы и тенденции высшего профессионального образования». –Тараз.-2020г., С.90-95	Опубликована
Отандық 2021 жылға		
ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету бойынша Комитеттің ұсынған басылымдар тізіміне кіретін журналдарда		
4	Әмірбекұлы А., Алимкулова Б. «Алгебра және сандар теориясы» пәні бойынша онлайн-курсты енгізу негізінде аралас оқыту технологиясын жасақтау.// Журнал Торайғыров университетінің ХАБАРШЫСЫ. Педагогикалық сериясы -№3.2021 –Б.71-82	Опубликована
ХҒПК-ның ғылыми мақалалар жинағы		
5	Кадирбаева Р.И., Амирбекулы А., Джаманкараева М.А. Определение и обоснование принципов и условий применения онлайн-курсов на основе технологии смешанного обучения // Сборник научных статей МНПК «Дистанционное обучение: современные подходы (проблемы, опыт) в учебном процессе». –Талдықорган. -2021.- С.109-114.	Опубликована
Шетелдік 2021жылға		
ХҒПК-ның ғылыми мақалалар жинағы		
6	Кадирбаева Р., Джаманкараева М. Внедрение технологии смешанного обучения в курсе «Алгебра и теория чисел» в подготовке будущих учителей математики // Сборник научных статей МНПК «Современная наука в условиях модернизационных процессов: проблемы, реалии, перспективы». – Россия,Уфа, НИЦ «Вестник науки» - октябрь, 2021г. С.103-111	Опубликована
Scopus базасына кіретін рецензияланған ғылыми басылымда		
7	Kadirbayeva R., Suleimenova L., Amirbekuly A., Alimkulova B., Jamankarayeva M. The methodology of designing the educational process in blended learning // (в журнале на базе Scopus, процентиля не ниже 35)	В процессе рецензирования (имеется договор)

Орындаушы тобының тізімі

Рет №	Т.А. Ә., ғылыми дәрежесі, атағы	Негізгі жұмыс орыны, қызметі	Жобадағы немесе бағдарламадағы рөлі	Ғылыми идентификаторлар
1	Кадирбаева Роза Изтлеуовна, п.ғ.д., доцент	ОҚМПУ, Математика кафедрасының меңгерушісі	Жоба жетекшісі	<p>ResearcherID Web of Science нөмірі: M-6824-2015. Scopus ID нөмірі: 55841353600. ORCID нөмірі: 0000-0002-5975-2683. Scopus-қа сілтеме (Kadirbayeva R.): https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=55841353600</p>
2	Әмірбекұлы Алданазар п.ғ.к., доцент	ОҚМПУ, Математика кафедрасының доценті	Орындаушы	<p>ORCID нөмірі: 0000-0001-6879-1249. Scopus ID нөмірі: 57212536819.</p>
3	Джаманкараева Мадина, к.ф-м.н.	ОҚМПУ, Математика кафедрасының аға оқытушысы	Орындаушы	<p>Web of Science базасына сілтеме (Jamankarayeva M.): http://apps.webofknowledge.com/CitationReport.do?product=WOS&search_mode=CitationReport&SID=P2PEaTLcTwmbyyQRj7j&page=1&cr_pqid=5&viewType=summary&colName=WOS Scopus-қа сілтеме (Jamankarayeva M.A.): https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=55515997900 ORCID нөмірі: 0000-0003-3387-1171. Scopus ID нөмірі: 55515997900.</p>
4	Алимулова Б., докторант	ОҚМПУ, Докторант, 6D010900 – Математика	Орындаушы	-

ҚОСЫМША

Авторлық куәлік



Конференция мен курстарға қатысу

